

ТАЛДЫҚОРҒАН ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ТАРИХЫНАН

1935 жылы	Алматы облысының Талдықорған қаласында Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі ашылды.
1936 жылы	Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі толық көлемде Қапал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебіне беріліп, Қапал ауылына қоныс аударды.
1941 жылы	Қапал және Лепсі ауылшаруашылығын механикаландыру мектептері біріктіріліп, Қаратал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі деп аталып, Үштөбе станциясына көшірілді.
1949 жылы	Қаратал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі деп аты өзгертіліп, Талдықорған қаласына қайта мекен-жайын ауыстырды.
1954 жылы	Мектеп Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру училищесі деп аталды.
1961 жылы	Училище негізінде Талдықорған индустриалдық кәсіптік білім техникумы ашылды.
1966 жылы	Техникум Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумы болды.
1993 жылы	Техникум Талдықорған индустриалды-педагогикалық колледжі аталды.
1996 жылы	Талдықорған индустриалды-педагогикалық және Талдықорған құрылыс колледждері біріктіріліп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің техникалық колледжі деп атын өзгертті.
1997 жылы	Техникалық колледж Талдықорған политехникалық колледжі болып қайта құрылып атала бастады.

1999 жылы	18 наурыздан бастап колледж мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Талдықорған политехникалық колледжі» болып аталды.
2019 жылы	Алматы облысы әкімдігінің 27.02.2019 жылғы №81 қаулысымен колледжге «Жоғары колледж» статусы беріліп, сол уақыттан бері «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» болып аталды.
2022 жылы	Жетісу облысы, Алматы облысының құрамынан бөлініп шығуына байланысты колледж «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» болып заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден қайта өтті.

Колледж тарихынан

1935 жылы Алматы облысының Талдықорған қаласында Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі ашылады. Алайда, мектептің өзінің оқу мақсатына қолданатын ғимараты болмағандықтан, 1936 жылы қараша айында Қазақ ССР жер істері Халық комиссариатының бұйрығымен, Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі, толық көлемде, Қапал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебіне беріліп, Қапал ауылына қоныс аударады.



1941 жылы аталған комиссариаттың 12 мамырдағы бұйрығымен Қапал және Лепсі ауылшаруашылығын механикаландыру мектептері біріктіріліп, Қаратал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі деп аталып, Үштөбе станциясына көшіріледі. Бұл мектеп орналасқан жер, жан-жағынан күріш алқаптарымен қоршалып орналасқандықтан, балшықты және малярия ауыруының ошағына айналып кету қаупін туғызуына байланысты, **1948 жылы** Қаратал ауылшаруашылығын механикаландыру мектебінің аты Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебі деп қайта өзгертіліп, оның мекен-жайын, Талдықорған қаласына көшіру туралы бұйрық шығарылады.

1948 жылы 19 тамызда басталып, **1949 жылы 30 желтоқсан** аралығында Қаратал мектебінің ғимараттары мен мүліктерін жаңа орынға көшіру, ол жерде жаңадан оқу корпусын, жатақхана, тұрғын үй, қойма, автомобиль тұратын орын салу аяқталады. **1948-1949** оқу жылдарында Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебін 36 кісі трактор бригадаларының бригадирлері, 24 кісі комбайншы және 32 кісі тракторшы және шофер мамандықтары бойынша бітіріп шықса, 1935-1951 жылдар арасында аталған мектепте 6118 әртүрлі механизатор кадрлар дайындалған.



1947-1950 жылдары 120 орындық жатақхана 300 орындық оқу корпусы, асхана, жылу орталығы, автогараж және басқа да шаруашылық құрылыстары салынады. Аталған құрылыстың барлығы осы бүгінгі колледж орналасқан жерлерде тұрғызылған.

Мектептің оқу базасында бір У-2, бір СТ-3, төрт СТ-3- НАТИ, екі ДТ-54, бір С-60, бір С-80 тракторлары, төрт комбайн, екі ГАЗ-ММ, бір ГАЗ-51, бір ЗИС-150 автомашиналары, жеті темір жону станоктары және он жеті әртүрлі ауылшаруашылық машиналары болды. Мектептің кітапханасында 6151 кітап болып, мектептің педагогикалық ұжымы 12 адамнан тұрған еді. **1947 жылдың** 17 қыркүйегінен бастап мектеп директоры болып Дорғатов Рустам қызмет істей бастаған.



Дорғатов Рустам 1914 жылы Қызылорда губерниясының, Қарақұм ауданындағы Арал уезінде өмірге келген.

Ол жеті жылдық қазақ мектебін, ФЗУ-ды, Ленинградтың кеңестік сауда институтын, әскери автотехникалық училищені бітірген.

1952-1953 оқу жылының өндірістік көрсеткіштерінің қортындысы бойынша Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру мектебінің бес мүшесі Бүкілодақтың ауылшаруашылық көрмесіне қатысады.



1954 жылы механикаландыру мектебі Талдықорған ауылшаруашылығын механикаландыру училищесі деп атып өзгертіп, 129 оқушы қабылданып, оларға тамақ және жұмыс пен оқу киімдерін тегін беру ұйымдастырылып, училищенің медициналық қызмет көрсету орны жұмыс істей бастайды. Училищенің директоры болып Р.Дорғатов бекітіледі. Мемлекеттік акт бойынша училищеге 600 га жер бекітілген, оның ішінде 300 гектары жыртылатын, 42 гектары шабындық, 241 гектары жайылымдық және 17 гектары басқадай. 1951-1961 жылдар аралығында аталған оқу орындарында 1500-ге тарта ауылшаруашылығына қажетті жоғарғы сапалы кадрлар дайындалған.

1961 жылы №24-ші Талдықорған механикаландыру училищесі негізінде Талдықорған индустриалдық кәсіптік білім техникумы ашылады. Техникумның директоры болып Р.Дорғатов тағайындалады. 1966 жылы индустриалдық техникум Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумы аталып, атын өзгертеді. Р.Дорғатов директор болып жұмысын жалғастырады.



Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумының директоры қызметін **1971-1975 жылдары Муханов Артемий Васильевич атқарады.** А.В. Мухановтың 1916 жылы туған, жоғарғы педагогикалық және зоотехникалық орта кәсіптік оқу орындарын бітірген. 1949-1971 жылдары Артемий Васильевич Сарқан, Андреев, Қаратал, Талдықорған, Кировск аудандарында әртүрлі партия жұмыстарын атқарған.

1976–1980 жылдар аралығында техникум директоры қызметін Баталова Гулшара Омаровна атқарады.

Г.О.Баталова 1936 жылы Ақмола облысының Щучинское станциясында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тіл факультетін бітірген. 1968 жылы Гулшара Омаровна Талдықорған қаласына келіп, қалалық атқарушы комитеттің бастығының орынбасары қызметін атқарады. 1976 жылы Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумының директоры болып тағайындалады. Осы жылдары техникум өндірістік оқыту шеберлерін, ауылшаруашылығын механикаландыру және ауылшаруашылығын электрлендіру мамандықтары бойынша, дайындайтын ең үлкен оқу орнына айналды. Техникумда 33 жабдықталған кабинеттер, 14 лаборатория және ұста, газбен данекерлеу, электрмен данекерлеу, темір жұмыстары, ағаш жұмыстары, жөндеу жұмыстарының цехтары бар оқу өндірістік шеберханалары жұмыс істей бастайды. Техникумның оқу корпустары 960 оқушы оқитындай деңгейге жетіп, оқушылардың тұтынуына спорт залы, акт залы, 50 орындық сауықтандыру орны беріледі. Техникум бірнеше дүркін Кеңес Одағының және Қазақстанның халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмелеріне қатысады. Техникумда халық ансамблі атағын жеңіп алған «Алтын дән» ән-би ансамблі нәтижелі жұмыс істеген. Техникумда ашылған соғыс және еңбек даңқы мұражайы қала және облыс жастарының қызығып келетін орнына айналады.



1981-1985 жылдары техникум директоры қызметін Камнев Иван Степанович атқарды.

И.С.Камнев 1930 жылы 23 желтоқсанда Алтай өлкесінің Селеверстово ауылында дүниеге келген. 1949 жылы кешкі орта мектепті бітіріп, Шымкент ауылшаруашылық техникумына түсіп, оны 1953 жылы үздік бітіреді. 1958 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтын бітіріп, Көксу ауылшаруашылық техникумында ұстаздық қызметін бастайды. 1962 жылы ол К.А.Темирязов атындағы Москва ауыл шаруашылық академиясына түсіп оны үздік бітіреді. Иван Степанович 1973-1981 жылдары №174, №55 қалалық кәсіптік-техникалық училищелерінде директордың орынбасары, облыстық кәсіптік техникалық білім беру басқармасының бастығы болып жұмыс істеген. Бұл жылдары техникум бүкілодақтық «Ең үздік техникум», «Ең үздік маман» атты конкурстарға қатысып, жүлделі



орындарға ие болып жүрді. Техникумның оқу-өндірістік шеберханасында шығарылған УДС-5 әмбебап ағаш өңдеу станогы техникум мақтанышына айналады. Техникумның студенттерінен құрылған құрылыс отрядтары халық шаруашылығына көп көмегін тигізді.



1986-1990 жылдары техникум директоры қызметін Хенкин Валерий Александрович атқарады. Хенкин В.А. 1948 жылы Архангельск облысының Плесецкий ауданындағы Плесецкая станциясында туған. Ол 1975 жылы Мелитополь ауылшаруашылығын механикаландыру және электрификациялау институтын бітірген. В.А.Хенкин 1971-1973 жылдары Талдықорған индустриальды-педагогикалық техникумда инженер, оқушы болып жұмыс істеген. 1973 жылдан бастап әр түрлі комсомол, партия жұмыстарын атқарған. 1986 жылы техникум директоры болып тағайындалған.



1991-1996 жылдары техникумның директоры болып Дүкенбаев Молдақажым Мұсаұлы жұмыс атқарды. К.М.Дүкенбаев 1942 жылы Гвардия ауданының Бостан ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтына түсіп, оны 1966 жылы бітіргеннен кейін Талдықорған индустриальды педагогикалық техникумында оқытушы болып, еңбек жолын бастайды. Осы техникумда директордың орынбасары, 1991 жылдан бастап техникум директоры болып жұмыс істейді. 1993 жылы техникум Талдықорған индустриальды-педагогикалық колледжі деп атын өзгертті.



Шыныбаев Мұзаппар Адамбекұлы

1997-2010 жылдары Талдықорған политехникалық колледжінің директоры

1946 жылы туған. Техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының жаратылыстану ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті. Қазақстан Республикасының «Білім үздігі», Қазақстан Республикасының 10-жылдығы мерейтойына арналған медальмен марапатталған, Ы.Алтынсарин атындағы белгімен марапатталған, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясында берілген педагог-зерттеуші атағы бар.

Шыныбаев Мұзаппар Адамбекұлы 1968 жылы Қазақстан мемлекеттік ауылшаруашылық институтының ауылшаруашылық үрдістерін механикаландыру мамандығы бойынша бітірген.

1970-1975 жылдары Алматы қаласында ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

	<p>1976-1996 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент, декан, профессор болып қызмет атқарды. 1977 жылы кандидаттық диссертация қорғады.</p>
	<p>Тәкенова Ғайнижамал Долдақызы</p>
	<p>2010-2017 жылдары Талдықорған политехникалық колледжінің директоры</p>
	<p>«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі»</p>
	<p>Педагогика ғылымының кандидаты</p>
	<p>Халықаралық ғылыми педагогикалық білім Академиясының корреспондент мүшесі</p>
	<p>Тәкенова Ғайнижамал Долдақызы 1972 жылы Талдықорған облысы «Крупский» ауылында орта мектепті алтын медальмен аяқтады.</p>
	<p>1972 жылы Қазақ педагогика институтының математика факультетіне түсіп, 1976 жылы үздік дипломмен бітірді.</p>
	<p>Еңбек жолын 1976 жылы бұрынғы Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумында оқытушылық қызметтен бастап, колледж директоры қызметіне дейін көтерілді.</p>
	<p>1995 жылы жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі белсенді және нәтижелі жұмыстары үшін «ҚР Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.</p>
	<p>1996 жылы «Техникалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындады.</p>
<p>1998 жылы директордың оқу және ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды.</p>	
<p>2010-2017 жылдары Талдықорған политехникалық колледжінің директоры.</p>	
<p>Басшылық қызметін атқара жүріп, 2003 жылы «Менеджмент негізінде колледжегі инновациялық бағыттардың педагогикалық ұстанымдары» тақырыбында кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап шықты.</p>	
<p>Тәкенова Ғ.Д. басшылық қызметін атқарып жүрген жылдарда колледж әрдайым Талдықорған қаласының «Ең үздік оқу орыны» болып табылды.</p>	
<p>Тәкенова Ғ.Д. басқарған уақытта ұжымда 3 ғылым кандидаты, 8 «Қазақстан Республикасының білім үздігі», 1 «Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері», 1 «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» қызмет атқарады.</p>	

2012 жылдың 16 сәуірінде Ғ.Д.Тәкенова Мәскеу қаласында Халықаралық ғылыми педагогикалық білім Академиясының корреспондент мүшесі болып атанды. Сонымен қатар Ғайнижамал Долдақызы басқа да халықаралық семинарлар мен конференцияларға белсене қатысып, кәсіптік-техникалық білім беру саласында елеулі үлесін қосып келді.

Басшылық қызметті атқара отырып, жастардың кәсіби әлеуметтенуіне, жан-жақты дамуына қамқорлық жасады.

2012 жылы колледждің арнайы пән оқытушысы Бижігітов Мұхтар Байсұлтанұлы Республикалық байқауда «Үздік педагог-2012» атағының иегері атанды.



2008-2017 жылдардағы колледж өмірінен фотосуреттер





Мұқажанов Ерқат Биғалиұлы
2018-2022 жылдары колледж
директоры

01.01.1970 жылы Шығыс Қазақстан облысында туған.

Білімі жоғары, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін агроинженерлік іс факультетінің кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бітіріп шығып, инженер-педагог біліктілігін алды.

2008 жылы, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің магистратурасын, Технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығы бойынша аяқтады. Технологиялық машиналар және жабдықтар магистрі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, 2019 ж.

РЖА Профессоры, Мәскеу, 2013 ж.

Физика-математика ғылымының кандидаты, 08.04.2008 ж. (ҒК № 0001740)

Педагогикалық білім ғылымдарының Халықаралық Академиясының корреспондент-мүшесі, Москва, 2012 ж.



Мұқажанов Ерқат Биғалиұлы колледж директоры қызметін атқарған жылдары колледж Алматы облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында «Үздік колледж-2018ж.» атағына ие болды.

Алматы облысы әкімдігінің 27.02.2019 жылғы №81 қаулысымен колледжге «Жоғары колледж» статусы беріліп, сол уақыттан бері «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» болып аталды.

WORLD SKILLS - 2022

Республиканский чемпионат «WorldSkills Kazakhstan»

Категория	2021	2022	2023
компетенция	23	12	20
участник	24	12	20
компартиры	23	12	20
призовые места	4	3	10

АГАПОВ ПАВЕЛ «WEB ТЕХНОЛОГИЯЛАР» КҮЗІРЕТІЛІП БОЙЫНША ІІ ОРЫН ЖҮЛДЕГЕРІ

ҮЗДІК МАМАН: «АҚПАРАТТЫҚ КАБЕЛДІК ЖЕЛЛЕР» КҮЗІРЕТІЛІГІ СЕЙД-ОГЛЫ НАРГУЛ

ҮЗДІК МАМАН: «ЖЕЛІК ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІК АЖІШЛЕНДІРУ» КҮЗІРЕТІЛІП БАЙМУХАНБЕТОВ ТИМУР СЕРИКОВИЧ

«WorldSkills Competition 2022» Special Edition

- Количество компетенций: 2
- 1) разработка мобильных приложений
- 2) Информационные кабельные сети
- Количество участников: 1
- Количество компартиров: 1
- Технический делегат: 1
- Призовые места:

«WorldSkills Competition Special Edition»

- Количество компетенций: 3
- 1) Разработка мобильных приложений
- 2) Информационные кабельные сети
- 3) Web технологий
- Количество участников: 3
- Количество компартиров: 3
- Технический делегат: 3
- Призовые места: 1 золото, 2 серебра

2 МЕСТО:
1. Фотография - Нурлыбек Ж.
3 МЕСТО:
2. Прототипирование - Умирбаев С.
3. Кибербезопасность - Баймуханбетов Т.
4. Видеоонтаж - Ратаев А.

МЕДАЛЬОН: 4
5. Web-дизайн и разработка - Кульсеитов Т.
6. IT-решения для бизнеса - Максименко З.
7. Сетевое и системное администрирование - Кыдыралин Н.
8. 3D моделирование для компьютерных игр - Рахимбеков Т.

Воспитательная работа

2021 год
2022 год
Реализуется

- ✓ «ТОП-100» СТУДЕНТОВ РК : Тлеубай Диас, Наби Диас
- ✓ Специальность: «Информационные системы»
- ✓ В колледже функционирует студенческое самоуправление «Студенческий парламент».
- ✓ Ежегодно среди студентов проводятся выборы Президента колледжа.
- ✓ В студенческом парламенте действуют – 8 фракций.
- ✓ Органы самоуправления, КДМ, секции и кружки – 730 студентов
- ✓ военно-патриотический клуб «Жас Сарбаз» - 700 студентов;
- ✓ В проектах «Охрана репродуктивного здоровья и безопасного поведения молодых людей и подростков», «Школы матерей», «Школы отцов», конкурсе эссе на тему «Моя будущая семья» -1200 студентов
- ✓ Волонтеры для реализации проекта «Ашық жүрек» - 700 студентов

- ✓ «ТОП-100» СТУДЕНТОВ РК: Оразхан Құндыз
- ✓ Специальность: «Строительство и эксплуатация зданий и сооружений»
- ✓ Функционирует «Совет профилактики правонарушений»
- ✓ Каждый год студенты активно принимают участие в работе областного волонтерского фронт-офиса «Мейірімді Жетісу».
- ✓ В рамках программы «JASTAR.KZ» студенты колледжа ежегодно принимают участие в конкурсе «ТОП-100» студентов РК
- ✓ Органы самоуправления, КДМ, секции и кружки – 840 студентов
- ✓ военно-патриотический клуб «Жас Сарбаз» - 800 студентов;
- ✓ В проектах «Охрана репродуктивного здоровья и безопасного поведения молодых людей и подростков», «Школы матерей», «Школы отцов», конкурсе эссе на тему «Моя будущая семья» 1400 студентов
- ✓ Волонтеры для реализации проекта «Ашық жүрек» -800 студентов
- ✓ Победитель премии «Кешбасшы – 2022» в номинации «Лучший студент» – Саматкызы Шырай

- ✓ Органы самоуправления, КДМ, секции и кружки – 1000 студентов
- ✓ военно-патриотический клуб «Жас Сарбаз» - 850 студентов;
- ✓ В проектах «Охрана репродуктивного здоровья и безопасного поведения молодых людей и подростков», «Школы матерей», «Школы отцов», конкурсе эссе на тему «Моя будущая семья» - 1500 студентов
- ✓ Волонтеры для реализации проекта «Ашық жүрек» - 1000студентов
- ✓ Создание фонда для грантового финансирования студенческих клубов и соц.проектов
- ✓ 60% студентов вовлеч в организованную общественную деятельность колледжа
- ✓ Развитие талантов
- ✓ Реализация Национальной модели воспитания «Толық адам»
- ✓ Проектный подход к мероприятиям



Нұрғожаев Шыңғыс Болатұлы 2023 жылдың қаңтар айынын бастап колледж директоры.

26.08.1993жылы Алматы облысында дүниеге келген.

Білімі жоғары, PhD докторы.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Информатика бакалавры 2015 ж.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Информатика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі. 2017ж.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ, мамандығы математика. Доктор PhD. 2022ж.



Жетісу облысы, Алматы облысының құрамынан бөлініп шығуына байланысты колледж қайта құрылып, «Жетісу облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» болып аталады. 2023 жылдың қыркүйек айында өткен облыстық конкурста Жетісу облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында «ЕҢ ҮЗДІК КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ - 2023» атағына ие болды.



Бүгінгі күнге «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» тек қана Жетісу облысының ғана емес Республиканың үздік техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының бірі болып табылады. Бұл заманауи білім жүйесі, студенттердің, оқытушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың мүддесінде жұмыс істейтін ашық ақпараттық орта және заманауи инфрақұрылымы бар беделді оқу орны.

Колледж жетістіктері мен тарихының «Мирас» атты мұражайы бар.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында еліміздегі оқу орындарына жаңа технологиялар қарқынды түрде енгізілуде. Осыған орай құжат айналым, сұраныстар т.б өтініш түрлері колледж жүйесінде электронды түрде жүзеге асырылып, электронды кеңселер пайдаланылады.

Колледжде оқу-өндірістік және тәрбие үрдісін ұйымдастыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Колледждің ҚР ТЖКОББ Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес тиісті оқу-материалдық базасы бар:

- төртқабатты оқу ғимараты;
- оқу-өндірістік шеберханалар -19;
- теориялық оқытудың сыныптары – 60;
- оның ішінде: жалпы кәсіптік және арнайы пәндер кабинеттері – 46;
- жалпы білім беретін кабинеттер – 14;
- зертханалар – 10;
- оның ішінде заманауи оқыту құрылғыларымен жабдықталған зертханалар– 6;
- компьютерлік сыныптар – 23;
- оқу үрдісінде қолданылатын компьютерлер саны -398, оның ішінде интернетке қосылғаны – 398, моноблоктар – 20, ноутбуктер – 103 одан басқа білім алушылар мен оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің жеке ноутбуктері сымсыз Wi-Fi желісіне қол жетімділігі бар.
- интерактивті жабдықтар – 36;
- кітапхана, жалпы 373,4 шаршы метр болатын 50 орындық оқу залы бар;
- жалпы ауданы 724,9 шаршы метрді құрайтын спорт объектілері бар;
- стадион;

- жалпы алаңы 432 шаршы метр 384 орындық мәжіліс залы;
- 400 орынды 5 қабатты 2 студенттер жатақханасы бар;
- жалпы ауданы 373 шаршы метр болатын 150 адамға арналған асхана;
- медициналық қызмет көрсету пункті бар.

Студенттерге медициналық көмек көрсету 03.02.2023 жылы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі қайта рәсімдеп берген №23003293 (алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрігерге дейінгі) лицензия негізінде медициналық қызметкермен қамтамасыз етілген.

Кітапхананың кітап қоры: 51613 кітап, оның 31526 мамандықтар бойынша пән оқулықтары, 15760 оқу-әдістемелік құралдар.

2020 жылы колледж «Жас маман» жобасына қатынасып ІТ бағыты бойынша және құрылыс коммуналдық шаруашылық мамандықтарына арналған заманауи білім оқу-өндірістік жабдықтар мен құралдар алып оқу-өндірістік шеберханаларды, зерханаларды, аудиторияларды жабдықтады.

Колледжде <https://thpc.edu.kz/> веб-сайты бар, «Политех Жаршысы-Вестник политехнического» газеті (газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен БАҚ құралы ретінде тіркелген), тіркеу туралы №249 куәлік, 1998 ж., **Telegram: @polytechtaldyk, Instagram - @tvptk_tdk, Facebook - «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі»** әлеуметтік желілерінде ашылған беттері бар.

1993 жылдардан бастап колледж базасында 01140800 - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша колледждердің Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі (РОӘБ) жұмыс жасайды.

Колледж карантиндік шектеулер басталған уақытта қашықтан білім беру технологияларын белсенді түрде қолданды. Колледжде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен инновациялық жобалар қызметі бар. Технологиялық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді.

Колледж кредиттік-модульдік жүйе – модульдік және кредиттік оқыту технологиясының бірлігіне негізделген оқу процесін ұйымдастыру моделін қолдануда.

Педагогикалық қызметті бағалаудың рейтингтік жүйесі енгізілген. Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Ресурстық оқыту орталығы» жұмыс атқаруда.

Колледждің құрылымдық бөлімшелері

ІТ құзыреттілігі орталығы

Электроника және коммуникациялар құзыреттілігі орталығы

Желілік технологиялар құзыреттілігі орталығы

Құрылыс және техникалық құзыреттілік орталығы

Дене тәрбиесі және спорт бөлімі

Кафедралар

№1 «Тіл білімі және қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасы

№2 «Жаратылыстану-математикалық пәндер» кафедрасы

№3 «Дене тәрбиесі және АӘД» кафедрасы

- №4 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасы
- №5 «Дизайн және мультимедиялық технологиялар» кафедрасы
- №6 «Желілік технологиялар және киберқауіпсіздік» кафедрасы
- №7 «Электроника, автоматтандыру және робототехника» кафедрасы
- №8 «Құрылыс, сәулет және жобалау» кафедрасы
- №9 «Кәсіптік оқыту, электротехника және автокөлік» кафедрасы
- №10 «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы

Басқа да құрылымдық бөлімшелер

- Оқу бөлімі
- Оқу –өндірістік бөлімшесі
- Тәрбие бөлімі
- Кітапхана
- Жатақхана
- Есеп бөлімі
- Кадр бөлімі
- Медициналық пункт
- Әкімшілік-шаруашылық бөлімі
- Ресурстық оқу орталығы

Колледждің бас оқу корпусы бойынша қысқаша таныстыруды колледждің YouTube каналынан көруге болады: https://youtu.be/_jjsuvVJerg

Колледждің қоғамдық-тұрмыстық корпусы бойынша қысқаша таныстыруды колледждің YouTube арнасынан көруге болады: <https://youtu.be/dGUh1vGqVPO>

Колледждің оқу-өндірістік шеберханасы бойынша қысқаша таныстыруды колледждің YouTube каналынан көруге болады: https://youtu.be/8Zd_Cgbdq0o

Колледж студенттерінің қарым-қатынасы бойынша қысқаша таныстыруды колледждің YouTube арнасынан көруге болады : <https://youtu.be/58oWrBrzL2A>

Қорыта келгенде біздің колледж жан-жақты мұқият жоспарланған ісімен және шығармашылық ізденісімен ерекшеленеді.